

Испания королі Хуан Карлос I Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 29 маусымдағы N 175-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Испания Королі Хуан Карлос I 2007 жылғы 29 - 30 маусымда Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):
қосымшаға сәйкес Испания Корольдігі делегациясының мүшелеріне»"1+1+10" форматы бойынша қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001»"Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету"»және 003»"Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Испания Корольдігінің делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгілеген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Испания королі Хуан Карлос I арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

5. Испания Корольдігінің делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Іс-шаралар өткізілетін орындарды гүлмен безендіру.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан Испания королі Хуан Карлос І мен София королеваның құрметіне Астана қаласында ресми кешкі қонақасы ұйымдастыру.

8. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.